

ДЕЙСТВУЮЩАЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА – 16 ТЫСЯЧ КИЛОМЕТРОВ. ПО НЕЙ В 2023 ГОДУ ПЕРЕВЕЗЕНО 297,4 МИЛЛИОНА ТОНН ГРУЗОВ. 1 300 КИЛОМЕТРОВ НОВЫХ СТРОЯЩИХСЯ ЛИНИЙ ПОЗВОЛЯТ УВЕЛИЧИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ ЕЩЕ НА 70 МИЛЛИОНОВ ТОНН. ДО 2029 ГОДА БУДУТ ВВЕДЕНЫ 1 104 ПРОМЫШЛЕННЫХ ОБЪЕКТА, ИЛИ 150 МИЛЛИОНОВ ТОНН ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБЪЕМА ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ. В ПРЕДСТОЯЩИЕ ШЕСТЬ ЛЕТ ПРОГНОЗИРУЕМЫЙ РОСТ ПОГРУЗКИ – 150%, ИЛИ ПОРЯДКА 450 МИЛЛИОНОВ ТОНН ГРУЗОВ.

Канат КОБЕСОВ,
член Общественного совета при Министерстве транспорта РК



№24 (2954)
12/03/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ПРЕИМУЩЕСТВА ТМТМ ОБЕСПЕЧИВАЮТ РОСТ ЭКОНОМИК

В Баку 11 марта Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев и Президент Азербайджанской Республики Ильхам Алиев по видеосвязи наблюдали за церемонией прибытия контейнерного блок-поезда с китайского терминала Сиань на бакинскую станцию Апшерон. Также Глава государства провел переговоры с Президентом Азербайджана.

В ходе переговоров лидеры обсудили вопросы транзитно-транспортного, торгово-экономического, энергетического, культурно-гуманитарного сотрудничества, а также взаимодействия в сферах цифровизации, продовольственной безопасности, возобновляемых источников энергии.

Кроме того, были рассмотрены перспективы реализации прорывных инвестиционных проектов, которые станут новыми точками роста экономики Казахстана и Азербайджана.

Далее Главы государств Казахстана и Азербайджана приняли участие в телемосте по случаю прибытия контейнерного поезда по маршруту ТМТМ из Китая в Азербайджан через Казахстан.

Напомним, ранее старт отправке в формате телемоста был дан Президентом РК в ходе участия в церемонии открытия Транспортно-логистического центра в городе Сиане.

Маршрут порядка 7 тысяч километров (казахстанский терминал в Сиане – Актау – Апшерон) поезд

преододел за 11 дней. По Казахстану расстояние более трех тысяч километров от Алтыноколя до порта Актау поезд проехал за трое суток.

На территории РК контейнеры были перегружены в сухом порту KTZE-Khorgos Gateway и морском порту Актау. По каспийскому морю они прибыли в Азербайджан: сначала в порт Баку, далее – на станцию Апшерон.

В торжественной речи Глава нашего государства подчеркнул, что сегодня, в условиях глобальной геополитической турбулентности, выстраивается новый транспортно-логистический каркас Евразии. По его мнению, ключевую роль в этом процессе играет тесное и плодотворное сотрудничество Казахстана и Азербайджана. Совместными усилиями расширяется торгово-экономический потенциал двух стран.

В свою очередь Президент Ильхам Алиев поздравил транспортников с этим знаменательным событием. Он отметил, что Казахстан и Азербайджан активно

работают над укреплением взаимодействия по многим направлениям сотрудничества, включая транзитно-транспортную сферу.

Лидеры двух стран выразили признательность всем казахстанским и азербайджанским специалистам за продуктивную совместную работу и пожелали им дальнейших успехов.

Для наращивания транзитных перевозок по ТМТМ с китайского направления и оперативного продвижения грузов страны объединяют усилия и создают единую цифровую экосистему на маршруте ТМТМ. Уже сейчас активно передаются товаросопроводительные документы для перевозки грузов из информационных систем логистических платформ Китая. Этот шаг позволит значительно оптимизировать процесс таможенного декларирования грузов из Китая в Центральную Азию и Европу.

Асель ШАЙХЫНОВА, Астана – Баку
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖУК ТАСЫМАЛЫ ӨСІМІ БАЙҚАЛАДЫ

Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі Бейбіт Атамқұлов Өзбекстанның Көлік министрі Йлхом Махкамовпен жұмыс аясында кездесті. Тараптар 2023 жылдың жұмысын қорытындылады.

Кездесуде тараптар ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылы желтоқсанда Өзбекстанға мемлекеттік сапарының қорытындысы бойынша қол қойылған транзиттік-көліктік және логистика салаларына қатысты жол картасын іске асыру мәселесін талқылады. Екі ел арасында теміржол және автомобиль көлігімен жүк тасымалы көлемінің өсу динамикасы байқалғаны аталып өтті. 2023 жылы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы теміржол арқылы жүк тасымалының жалпы көлемі 17,2%-ға өсіп, 31,4 млн тоннаны құраған. Сонымен қатар жүк тасымалы бойынша темір жол және автомобиль көлігінің өзекті мәселелері, Қазақстан мен Өзбекстан қалалары арасындағы халықаралық бағыттар бойынша жолаушылар тасымалының қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарының бірыңғай стандарттарын әзірлеу қажеттілігі, жаңа әуебайланыстарды ашу мәселелері сөз болды.

Қорытындылай келе, сауда және тауар айналымының және транзиттік жүк тасымалының жыл сайынғы өсуін, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымының 10 млрд АҚШ долларына дейін күтілетін өсімін ескере отырып, тараптар мемлекеттер арасындағы көлік инфрақұрылымын кеңейту және жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Ұлан ОРАЗ



Сұлтан БУРОМБАЕВ,
Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры:

БӨЛІМШЕГЕ ТҮРЛІ ҚЫЗ-МЕТТЕРГЕ АРНАЛҒАН АВТОКӨЛІКТЕРДІң АЛҒАШҚЫ ЛЕГІ ЖЕТКІЗІЛДІ. АРНАЙЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨЛІКТЕРДІң АРТҚЫШЫЛЫҚТАРЫ – ҚЫСТА ЖЫЛЫ, ЖАЗДА САЛҚЫН-ДАТҚЫШТАРЫ БАР, АПТАП ЫСТЫҚТЫ СЕЗДІРМЕЙДІ. БҮЛ ҚАДАМ ЖҰМЫСТЫ САПАЛЫ, ЖЕДЕЛ АТҚАРУҒА СЕПТІГІН ТИГІЗЕДІ. ЕҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕ – ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ЕТУІ ҮШІН БАРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР ҚАРАСТЫРЫЛЫП ЖАТЫР.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

СОЛТҮСТІК-ОҢТҮСТІК ДӘЛІЗІ БОЙЫНША ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҰК КӨЛЕМІ

2,1 млн тоннаны
ҚҰРАҒАН.

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ДЕПАРТАМЕНТІНІң РЕВИЗОРЛЫҚ АППАРАТЫМЕН ӨТКЕН ЕКІ АЙДА АЛМАТЫ ТЕЛІМІ БОЙЫНША

153

ТЕКСЕРУ ЖҰРГІЗІЛГЕН.

ТЕМІРЖОЛ АРҚЫЛЫ ТРАНЗИТТІК КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ 2029 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ

2 млн

ЖИЫРМА ФУТТЫҚ ЭКВИВАЛЕНТТІ ҚҰРАЙДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ.

Цифрландыру ӨНДІРІСТІК БИЗНЕС ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Цифрландыру – бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының бірі. Әлем елдері автоматтандыру ғасырынан қазіргі цифрландыру кезеңіне ауысып жатқанда, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының да өндіріс процестеріне цифрландыру технологиясын дендеп енгізіп жатқаны заңдылық.

Әділет МҰСАХАЕВ,
Астана

Кезең-кезеңмен атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды компанияның сан алуан қызмет көрсету түрлерінен көруге болады. Мәселен, ҚТЖ-да жолаушыларға көрсетілетін сервистік қызмет сапасын жақсарту мақсатында «Мобил-ю» жүйесі қолданылады. Ол арқылы теміржол билеттерін онлайн режимінде, яғни ресми билет.railways.kz порталынан және «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасы арқылы сатып алуға және қайтаруға болады. Және де бұл жүйені пайдаланушылар қатары артып келеді. Электрондық теміржол билеттерін сату үлесі 2023 жылда 75% дейін өсіп, керісінше, билет кассалары арқылы сату 25% төмендеген. Алдағы уақытта электрондық сатылым 100 пайыздық көрсеткішті құрайды деген болжам бар.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Автоматтандыру және цифрландыру филиалының директоры Нұрбол Нұрғалиевтің айтуынша, 2024 жылдың негізгі міндеттерінің бірі – цифрландыру бағдарламалары аясында теміржол инфрақұрылымы мен жылжымалы құрамды жаңарту екен. Бірінші кезекте іштегі процестерді цифрландыру, ав-

томаттандыру бойынша жұмыстарды дамыту жоспарланған. Себебі әлі күнге дейін вагонның нөмірін жазып отыратын тізімдеушілер бар. Олар өз кезегінде басқа процестердің тез атқарылуына кедергі болады. Шешім ретінде оған кез келген нәрсені танып-билетін бейнекамераларды қолдану және оған қол жеткізуге қажетті өзгерістерді іске асыру қажет.

Қазіргі уақытта SAP S/4 HANA негізінде кәсіпорынды басқарудың негізгі процестерін қайта құру және автоматтандыру жобасы аясында 1783 процесті, яғни «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және олардың филиалдарында келесі бағыттар бойынша бизнес-процестерді реинжиниринг және автоматтандыру жұмыстары, оның ішінде: бухгалтерлік есеп, салық есебі, басқару есебі, қазынашылық, сатып алулар мен қоймаларды басқару, сату және Магистральдық желі дирекциясы үшін техникалық қызмет көрсету және жөндеуге қатысты цифрландыру жұмыстары атқарылып жатыр.

Компанияның трансформация бағдарламасы аясында қол жеткізген маңызды жетістіктерінің бірі ретінде Көпфункционалды қызмет көрсету орталығын атап өдік. Ол жылына 3 миллион-

дай бастапқы есепке алу құжаттарын, яғни орындалған жұмыстар актісі, шот-фактураларды, тағы сол сияқты процестерді өңдейді. Аталмыш қызмет көрсету орталығы Компания қызметін айтарлықтай оңтайландырып, еңбек өнімділігін арттырды, сонымен қатар операциялық шығындарды азайтып, жұмыс тиімділігін ұлғайтты.

«Өндірістік процестерді цифрландыру бойынша жергілікті автоматтандыру жұмыстары жүргізілуде. Бізде жылжымалы құрамның жай-күйін бақылауға алатын 600-ден астам техникалық құралдардың кешені бар. Бұл кешен бақылау құралдарының көмегімен ақаулы жылжымалы құрамдарды дер кезінде анықтауға көмектеседі. Алдымызда осы деректердің барлығын жинап, өңдеу және талдау жұмыстарын жетілдіру мәселесі тұр. Бізге өндірістік бизнес процестерді автоматтандыру мен цифрландыруды псықтауымыз қажет және ол ақпараттар қайта жіберіліп жатқан мәселесін қарастырып, барлығын жүйелендіріп, бірыңғай тәртіппен бір жүйеге қамтып, мәліметтің барлығы бір жүйеде жинақталғаннан кейін Big Data етіп пайдалануға болады», – дейді Нұрбол Нұрғалиев.

ПОЕЗД В ПАРИЖ

По Новому Шелковому пути из Китая во Францию отправился контейнерный поезд с картинами, фарфором и другими произведениями искусства. Состав проследует транзитом через Казахстан.

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана

В рамках 60-летия установления дипломатических отношений между Китаем и Францией Шанхайская ассоциация зарубежного культурного обмена с 1 по 22 апреля проведет в Париже выставку «Чэнь Цзялин: картины на набережной». Для перевозки каллиграфии, фарфора, картин и других произведений искусства, ставших результатом китайско-французского культурного обмена, организатор мероприятия выбрал поезд Китай – Европа, который отправился из Иу (КНР) в Дуйбург (Германия)

и далее проследует в Париж. Ожидается, что время в пути составит 20 дней.

По статистике таможи Иу, объем импорта и экспорта во Францию в 2023 году составил 4,69 миллиарда юаней, что на 12,7% больше, чем в прошлом году.

Чтобы обеспечить поддержку инициативе «Один пояс, один путь», в последние годы железнодорожные перевозки по маршруту Китай – Европа удовлетворяли все потребности рынка, включая запуск новаторских грузовых поездов по индивидуальному заказу. За последние 10 лет таможенное оформление и досмотр на грузовых поездах Китай

– Европа стали более удобными, бизнес-среда в портах продолжает оптимизироваться, а правила международных перевозок стали более стандартизированными. Благодаря железнодорожному экспресу укрепилось сотрудничество между Китаем, Центральной Азией и Европой. Районы вдоль маршрута, а также производство, торговля, финансы, информация и другие отрасли продолжают модернизироваться.

– Все больше и больше европейских товаров входит в жизнь китайцев, а китайское производство становится все более популярным в Европе. Мы верим, что в этом году грузовые поезда Китай – Европа продолжат работать на полную мощность, придав новый импульс развитию Евразийского континента, – отмечает официальный представитель МИД КНР Мао Нин.

По ее информации, совокупное количество поездов Китай – Европа уже превысило 85 000.

ПОДАРОК ДЛЯ ОСОБЕННЫХ ПАССАЖИРОВ

Сотрудники Карагандинского железнодорожного вокзала приобрели инвалидную коляску для пассажиров с особыми потребностями.



– Подарок был сделан дежурным помощником начальника вокзала Караганды Султаном Рахимбековым и электромехаником силового оборудования Серикболом Жаркеновым, – рассказывает инженер первой категории вокзала Караганды Алена Сеитова. – Наши мужчины решили приобрести коляску для особенных пассажиров и таким образом совершить садака (искреннее благодеяние) в священный месяц Рамадан.

На сегодняшний день на железнодорожном вокзале Караганды для маломобильной группы населения функционируют социальный лифт, электрический подъемник, пандус, специальная комната отдыха и туалеты с широким проемом для беспрепятственного въезда инвалидной коляски. Одним словом, для лиц с ограниченными физическими возможностями создана безбарьерная среда. Эти вопросы особо актуальны на сегодняшний день.

– Используя современные технологии и учитывая потребности разных групп пассажиров, мы можем создать пространство, которое будет радовать и удовлетворять каждого пассажира, – заключила Алена Сеитова.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ЖАМБЫЛДА

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл



АЙМАҚ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Владимир Бабиченко жұмыс сапарымен Жамбыл облысына келді.

Алдымен «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының қызметкерлерімен кездесіп, атқарылып жатқан жұмыстар және алдағы жоспарлармен танысты. Ол «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының ресми түрде қызметке кіріскен жаңа басшысы Айдын Сеитбенбетовті жұмысты бірлесіп атқаруға шақырып, жүктелер міндеттерге тоқталды. Астаналық мейман жұмыс сапары кезінде Тараз станциясын аралап, Жамбыл локомотив пайдалану депосына барды.

Биыл Жамбыл локомотив пайдалану депосының ашылғанына 100 жыл толып отыр. Ғасырлық өндірістік тәжірибесі бар депоның теміржол саласының дамуына қосқан үлесі зор. Владимир Бабиченко депоның тыныс-тіршілігімен танысып, қызметкерлермен сөйлесті. Бұдан кейін ол Шу станциясына арнайы барып, ондағы жұмыс барысымен, сондай-ақ Шу локомотив пайдалану депосының тыныс-тіршілігімен танысты.

ЖОСПАР ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛДЫ

Айназ СЫРЫМБЕТ,
Жамбыл



ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі бойынша жол станцияларында 69 жиынтық бағыттағыш бұрма темірбетонды негізге ауыстырылып, жаңартылды.

Осылайша жоспарлы жұмыс толық орындалды. Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Дәулетбек Жолдасбаевтың айтуынша, Шоқпар жол станциясы бойынша 12 жиынтық, Сарышағанда 8 жиынтық, Шуда 17 жиынтық, Түлбаста 10, ал ең көп, яғни 22 жиынтық бағыттағыш бұрма Жамбыл станциясы бойынша ауыстырылып.

Сонымен қатар бұл аталған жол мекемелерінде жарамсыз бағыттағыш бұрмалардың орнына барлығы 60 жиынтық ескі жарамды бағыттағыш бұрма төселіп, бұл тапсырма да меже үдесінен табылған.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің басшылығы қолданыстағы түйіспесіз рельстердің жағдайын да назардан тыс қалдырмай отыр. Мәселен, өткен жылы бөлімшеге қарасты түйіспесіз жолдың 17,8 шақырымына ескі жарамды рельс бунағы төселсе, 10,5 шақырым жолдың рельсі пайдалануға жарамды ескі түрімен алмастырылған.

САНЫ ЕМЕС, САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Бағыс» филиалының бас инженері Жасұлан Рысқалиев бір топ техникалық еңбек қорғау инспекторларымен кездесті. Еңбекті қорғау талаптарының бұзылуын уақытты анықтау және оларды жоюға қол жеткізу міндеттері қойылды.



«Жұмыстың санына емес, сапасына көңіл бөлу керектігі. Бірлескен күш арқасында еңбекті қорғаудың оң мәдениетін қалыптастыра аламыз. Еңбек қауіпсіздігі сөз күйінде қалмау керек. Әр қызметкер сенімді, алаңсыз жұмыс істей алатындай еңбек қауіпсіздігі қорғалу керек», – деп атап өтті Жасұлан Рысқалиев. Техникалық инженерлердің кездесуі барысында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылау нәтижелеріне мән беру айтылды. Әсіресе жиі қайталанатын ескертулерге назар аудару басты міндет болмақ.

Бас инженердің айтуынша, техникалық инженерлер жұмысының сапасы түрлі тәсілмен, жұмыс нәтижесімен қадағаланады. Сонымен қатар жұмыс беруші үшін техникалық инспекторлар шалғай бөлімшелер мен цехтардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тұрғысынан «көзі мен құлағы» іспеттес. Кездесу соңында жетекші инженерлерге штаттан тыс инспектор төсбелгісін тақты.

Суретті түсірген автор

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРУДА



СЕРВИС

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Мекеме Атырау – Мақат, Мақат – Сағыз, Атырау – Д.Нұрпейсова, Мақат – Құлсары, Құлсары – Бейнеу аралықтарындағы станцияларды және құрылғыларды ток көзімен қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта 857,6 шақырым жоғарғы вольтты ток желілерін

Атырау электрмен жабдықтау дистанциясы электр желілерін жаңғыртып, жаңартуға кірісті.

жоспарлы жөндеу жұмыстары толығымен жүргізілді. Дистанция бойынша 105 дана ВЛ-10кВ АБ және ПЭС әуе желісі бағандары, Ганюшкино – Жолтөбе бекеттері аралығында 55 шақырым АС-35 сымны ауыстырылды, 40 дана бағандарға тіреулер қойылып бекітілді. Досор станциясында трансформатор қосалқы станциясының төбесі жабылып, Сағыз бен Аққыстау станциясындағы аудандық электр торабының әкімшілік ғимараты ағымдық жөндеуден өткізілді. Яғни ғимарат іші заманауи құрылыс қоспаларымен әктеліп, қабырғасы



мен едені керамикалық таспен қапталды. Сондай-ақ су желісі пластикалық құбырға, жарықтандыру жарықдиодты лампаларға ауыстырылды. Қазіргі таңда дистанция аудандық тораптарында 2024 жылға жасақталған кешенді жоспар бойынша құрылғыларды күтіп ұстау, ауыстыру жұмыстары жалғасын табуда.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

Қазір мемлекеттік тілдің көп жағдайда аударма тілге айналып, оның өзінің калькаға бейімділігі, қазақ тілінің шұрайы мен тілдік нормаларының бұзылуы жиі айтылып жүр. Бұл ретте ауыр техникалық терминдері көп теміржол саласында да аударма ісін жүргізуде қиындықтар кездеседі. Осыған орай жиырма екі жылдан бері ұлттық компанияның әкімшілік-басқару құжаттарының аудармасы мен дұрыс жазылуын қадағалап келе жатқан «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Әкімшілік басқармасы» филиалы ұйымдастырушылық және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің менеджері Ришат Сағымбаевпен сұхбаттасқан едік.

АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ АЛАНДАТАДЫ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

– Ришат Мәлсұлы, мамандығыңыз тарихшы бола тұра аударма ісімен айналысып келесіз. Ал теміржолға келгеніңізге жиырма жылдан асыпты. Жалпы сіздің бұл саладағы міндеттеріңізге не кіреді?

– Аудармамен айналысқаным биыл 31 жыл толады, соның 22 жылы осы компанияда өтіп жатыр. Өкінішке орай бұйрықтар мен өкімдер, хаттар әлі күнге дейін ресми тілде, яғни орыс тілінде дайындалады да қазақ тіліне аударылады. Соның барысында орындаушылар көбіне Гугл, Яндекс аудармашы сияқты интернет желісіндегі қосымшаларды қолданады. Қызметкерлердің басым көпшілігі оны сол күйінде қол қоюға апарады. Менің міндеттеріме негізінен басқарма төрағасының, оның орынбасарларының, басқарушы директорлардың қол қоюымен шығатын бұйрықтар мен өкімдердің, сол бұйрықтармен бекітілетін нұсқаулықтардың, ережелердің қазақ тіліндегі нұсқасының орыс тіліндегі нұсқасына сәйкестігін тексеру, сонымен қатар олардың сөйлем құрылысының қазақ тілі грамматикасына сәйкестігін, мәтіндегі орфографиялық, грамматикалық қателерді түзету кіреді. Сондай-ақ менің негізгі міндеттерімің бірі – біздің компаниядан мемлекеттік органдарға, меншік түріне қарамастан барлық заңды тұлғаларға жіберілетін шығыс хаттарын түзету, жеке азаматтардың

өтініштеріне жауаптарды тексеру кіреді. Компания басшылығының ҚР Президентінің Әкімшілігінде, Парламентінде, Үкіметінде жасайтын баяндамаларын мемлекеттік тілге аудару да менің жұмысым.

– Қазіргі таңда аударма тілінде мәселелер көп, калька аудармалар кесірінен қазақ тілі өзіндік құнарынан айрылып бара жатқан сияқты. Осы тұрғыда не айтар едіңіз, алаңдауға негіз бар ма?

– Рас айтсаңыз, тәуелсіздік алғанмызға 30 жылдан асып кетсе де, орысша сөйлейтін, орысша ойлайтын қандастарымыз қай салада болмасын әлі де көп. Олар ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп, «кезінде орысша оқығанбыз, солай үйренгенбіз» деп сылтауратып барлық құжаттарын орыс тілінде дайындайды. Тіпті қазақша дайындап берген құжаттардың орыс тіліндегі аудармасын сұрататындар да бар. Құжаттарды орыс тілінен қазақ тіліне аударуда калька аудармалардың кесірінен тіліміздің жұтандап бара жатқаны да жасырын емес. Бұл мәселе көзіқарақты азаматтарды, тіл саласындағы мамандарды ерекше алаңдатып да, толғандыратын да өзекті мәселеге айналған. Тіл, аударма саласында жүргендіктен мені де бұл мәселелер бей-жай қалдырмайды. Алаңдатытын дүние көп, солардың ішінде ең бастысы өскелең ұрпақтың қазақ тіліндегі білімі мен тәлім-тәрбиесі дер едім.

– Қазір қолданыста бар қандай теміржол терминдерінің аудармасына көңіліңіз толмайды? Жалпы сала құжаттарын

аудару барысында қандай сөздіктерге жүгінесіз?

– Теміржол саласында терминдер өте көп. Олардың бәрін бірдей аудару беруге келмейді. Халықаралық қолданыстағы сөздердің қазақша баламасын іздеген боламыз, бірақ көп жағдайда келмейді, мысалы «сигнализация» сөзін кейбіреулер белгі беру деп аударды. Ал негізінде белгі беру деген орысшасында «подать знак, сигнал», сондықтан сигнализация сол күйі қалу керек. Терминдерді аударғанда өте сақ болу керек және халықаралық атауымен қалдырсақ дұрыс болар еді деп ойлаймын. Негізгі аударма мәселесі мемлекеттік тұрғыда шешілетін проблема. Терминдер аудармасы бойынша желілік бөлімшелерден ұсыныстар алып, оны елеп-екшеп, Көлік министрлігіне беруіміз керек, себебі тікелей Мемтерминкомға бере алмаймыз. Мемтерминком Тіл комитеті құрамында, сол жақта бекіткен терминдерді қолдану керек, әйтпесе әркім өз білгенімен әртүрлі аудармамен берсе, әбден шатасып, тіліміздің шұрайлылығын төмендетіп, тілдің шұбарлануына әкелеміз. Негізгі мен аударма саласында жүргелі 30 жылдан асып кеткендіктен сөздікке жүгіне қоймаймын. Дегенмен осы аударма ісімен айналысатындарға мемлекеттік терминком қолдауымен шығарылған, әрбір салаға арналған 32 томдық сөздіктерді пайдалануды ұсынамын.

– Өңгіңізге рахмет!

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚЫЗЫЛ СУДАН ҚАУІП БАР



ТАСҚЫНҒА ТОСҚЫН

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Соңғы көрсеткіштер бойынша бөлімшедегі «солтүстік тармақ» бойынша қатқан тоңның қалыңдығы – 117 см, Жаңа-Семей – Дегелең телімінде 160 см болып тіркелген. Бұл еріген қар суы жерге сіңе алмай, сай-саланы қуалап, желі бойына, теміржол инфрақұрылымдарына қауіп төндіруі мүмкін деген сөз. Осы орайда теміржолшылар қауымы жоспарға сәйкес жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, аймақтағы тірек гидротехникалық нысандардың жай-күйіне мониторинг жүргізу шараларына назар аударуда. Яғни арнайы құрылған жұмыс тобы өңірдегі еріген қар суы жиналған аймақтарды, соның ішінде биылғы жылғы су тасқыны кезеңінде ықтимал қауіпті орындарды тексеруде.

Бүгінде өңір бойынша барлығы жүзге жуық гидротехникалық

Еліміздің шығысы өзен-көлдер мен су қоймаларының саны бойынша республикада алдыңғы орында тұр. Сәйкесінше, Семей ЖТ бөлімшесі көктемгі су тасқыны қауіпі аса жоғары аймақта орналасқан. Қазір теміржолшылар үшін аса маңызды кезең басталды. Желі бойында көктемгі су тасқынына байланысты қауіпсіздік шаралары күшейтілуде.



құрылыс бар. Оның біршамасы желі бойына таяу орналасқан. Әсіресе Шар – Жарма – Үшбик телімдері біршама алаңдатып отыр. Себебі наурыз айының 10-ы күнгі көрсеткіш бойынша аталмыш аумақта 7 градусқа дейін күннің жылынуы байқалған. Әйтсе де, дәл қазіргі күні теміржол нысандарына төніп тұрған қауіп жоқ.

Бүгінде Семей магистральдық желі бөлімшесінің 8 аумағында қызыл су басу қауіпі аса жоғары. Осы ретте НЖС-6 бөлімшесіне тиесілі 440 көпір, 368 құбыр,

181 км арық, 1216 км су жүретін арналар қардан толық аршылып, тазаланған. Сонымен қатар көктемгі сең жүру және қызыл су тасқынының алдын алып, қажет жағдайда шұғыл жұмылдыру мақсатында қажетті техникалар да әзірленген.

Айта кетерлігі, теміржолшылар төтенше жағдай туғындай қалса, құтқарушылармен және жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірлесіп әрекет етуге тастүйін дайын отыр. Мәселен, қазіргі таңда бөлімше көлемінде көктемгі су

тасқынына қарсы жедел әрекет ету үшін 1285 адам және 460 бірлік техника, 11 жүзу құралы, 161 су құрылғысы дайындалыпты. Төтенше жағдайлар кезінде адамдарды эвакуациялау үшін облыс аумағында 4400 орындық 37 уақытша орналастыру пункті орналасқан. Яғни аталмыш бағытта аймақ әкімінің назарға алуымен бірқатар жұмыстар жүргізілген.

Биылғы жылы Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукеежановтың тікелей бастамасымен көктемгі су тасқынының алдын алу шаралары қауірт жүргізілді. Мәселен, алдағы уақыттарда бөлімше бойынша 5 арнайы пойызды жасақтап, желі бойына шығаруға мүмкіндік бар. Бұдан өзге темірбетонды шпалдар бар. Инертті материалдар қоры да жеткілікті.

Десек те, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша көктемгі қызыл су алу қауіпі ең жоғары аймақтар ретінде Жаңа-Семей және Аягөз жол дистанциясының қарамағындағы телімдер қатаң түрде назарға алынған. Жолшылар қауымына күш түсіп тұр. Локомотив бригадаларына да қырағылықты арттыру тапсырылған.

Семей бөлімшесі бойынша жалпы саны 89 қауіпті орын бар. Осыған орай су шаруашылығы нысандарымен байланыс күшейтілген. Қажетті жағдайда желі бойындағы кейбір телім бойына тәуелсіздік кезекшілік орнатылатын болады.

Суретті түсірген автор

НА КОНТРОЛЕ – БОРЬБА С ВОДНОЙ СТИХИЕЙ



ПАВОДОК

Работы по загрузке платформ, которые входят в противоразмывные поезда, завершают в Оскеменском регионе Семейского отделения магистральной сети. Помимо этого, путейцы ведут очистку кюветов, нагорных канав, мостов.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В Восточный Казахстан постепенно приходит весна. Ночами столбики термометров показывают минус 14 градусов, днем – от минуса пяти до нуля градусов. По данным департамента по чрезвычайным ситуациям ВКО, в регионе возможен подъем уровня воды в реках. В связи с этим в Семейском отделении магистральной сети по Восточно-Казахстанскому региону организовали дежурства, объезды.

– У нас этой зимой наблюдались не только снегопады, но и дожди. Камни для противоразмывных поездов попали под дождь, смерзлись. Сейчас мы их очищаем, долбим лед, грузим на платформы. Работы находятся в стадии завершения. Всего у нас пять противоразмывных поездов, – информировал заместитель директора Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов. – Мы их организуем каждый год для противодействия паводкам. На станции Кумыстау полным ходом идет



погрузка семи платформ камнем, железобетонными шпалами. На станции Алтай у нас загружают такими материалами шесть платформ. Также они дислоцируются на

станциях Риддер, Шемонаиха, Оскемен-1. В Семейском отделении магистральной сети полностью подготовили крытые вагоны с инструментами на случай борьбы с паводками. По данным Алибека Шуманова, сейчас на линии работает техника Струг, СДПМ, идет очистка канав и кюветов.

– Сейчас мы начали вскрывать первоочередные трубы – это те, которые нужно очистить в первую очередь. Потом уже возьмемся за остальные трубы, мосты, – отметил Алибек Шуманов. – Накануне паводков надо быть очень внимательными.

О ходе выполнения мероприятий по водоборьбе директор Семейского отделения грузовых перевозок на еженедельном планерном совещании спросил в первую очередь. По словам руководства дистанции пути, ситуация находится под контролем.

Согласно приказу заместителя председателя правления АО «НК «КТЖ» Каната Альмагамбетова, мероприятия, входящие в оперативный план водоборьбы, необходимо завершить в срок до 15 марта.

Фото Ерика БЕЛГИБАЕВА

ПОВЫСИЛИ ФИНАНСОВУЮ ГРАМОТНОСТЬ



ОБУЧЕНИЕ

Работники АО «НК «КТЖ» прошли обучение по финансовой грамотности в рамках проекта «Қарызсыз қоғам».

Любовь РОВБА,
Астана

Проект запущен партией АМАНАТ совместно с государственными органами и банками второго уровня для повышения финансовой грамотности населения и создания в стране системы финансового образования. Так как проблема закрежденности казахстанцев требует системного решения, о чем неоднократно говорил Глава государства. Сегодня почти 6,3 миллиона наших граждан имеют непогашенные кредиты в банках. И это число ежегодно растет.

Спикерами обучающего курса выступают высококвалифицированные спикеры и бизнес-эксперты.

С 4 по 7 марта свои компетенции по финансовой грамотности



повысили 50 работников структурных подразделений КТЖ в Астане. Обучение в здании центрального аппарата компании провела приглашенный тренер – финансовый эксперт Жулдыз Ахметова.

Курс включал в себя пять модулей: «Основы финансовой грамотности», «Финансовая грамотность заемщика. Банкротство физических лиц», «Финансовое

мышление. Инструменты инвестирования», «Мошеннические схемы и финансовые пирамиды, ловушки мошенников» и «Пути повышения доходов. Деньги для бизнеса».

